

**Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсатында тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау қағидаларына № 1 қосымшаға өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 101 шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 105 шешімімен бекітілген Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсатында тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау қағидаларына № 1 қосымшаға өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

|                 |                 |                 |                 |                |
|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|----------------|
| Армения         | Беларусь        | Қазақстан       | Қырғыз          | Ресей          |
| Республикасынан | Республикасынан | Республикасынан | Республикасынан | Федерациясынан |
| М. Григорян     | И. Петришенко   | Ә. Смайылов     | А.Жапаров       | А. Оверчук     |

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Кеңесінің  
2021 жылғы 5 қазандағы  
№ 101 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсатында тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау қағидаларына №1 қосымшаға енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Бірінші графаның атауы мынадай редакцияда жазылсын: "ЕАЭО СЭҚ ТН коды".

2. IV бөлімдегі "9410-нан, Офистерге арналған ағаш жиһаз 9403 30-дан" позициясында бірінші графадағы "9410-нан" деген сөздер "9401-ден" сөздермен ауыстырылсын.

3. V бөлімдегі "Өзге де өздігінен жүретін бір ожаулы фронтал тиеуіш 8429 51-ден" позициясында екінші графадағы үшінші абзацтағы "7-ден кем" сөздері "кем дегенде 7" сөздермен ауыстырылсын.

4. IX бөлімдегі "8537-ден Жиынтықты трансформаторлық шағын станция (ЖТШ), блокты-модулды трансформаторлық шағын станция (БЖТШ)" позициясындағы бірінші графадағы (8537-ден" деген сөздер "8504-тен" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 5-сілтемеде он бірінші абзацтағы "3210-нан" деген сөздер "3210 00-ден" сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК